

Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" республикалық шығармашылық-өндірістік бірлестігін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1032

Кинематографияда реформаларды тереңдету, фильмдер шығаруға жұмсалатын бюджеттік қаражатты қысқарту, материалдық-техникалық базаны дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тарату және Қазақстанда киноөндірісін ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" республикалық шығармашылық-өндірістік бірлестігі:

а) жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы Ш.Айманов атындағы Қазақ кинофабрикасына;

б) мекеме нысанындағы Ұлттық продюсерлік орталыққа бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы /бұдан әрі - "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы/ мемлекеттік кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы уәкілді орган болып белгіленсін.

3. "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы бір ай мерзім ішінде мемлекеттік кәсіпорнының және мекемесінің Жарғыларын бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақкино" мемлекеттік компаниясымен бірлесіп бөлу балансы бойынша белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған бірлестіктің мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі